

ӘОЖ 338.48

**АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ  
ДАМУЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

**Нұрланқызы Тоғжан, Жалелова Айнаш**

*atn\_99@list.ru, maral.1978@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» мамандығының 2 курс студенттері,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Муканов Айдар Хамзеевич

XX ғасырдың аяғында адамдар қалалық өмірдің қарқынды түрде дамып жатқанын және оның қызметтерінің өмірлік маңызы бар екенін түсінді. Көптеген ауыл тұрғындары ұзақ жылдар бойы тұрып келе жатқан қоныстарын тастап, сатып қалалық өмірдің қайнап жатқан қызу кезінде ағылып көшіп келді. Соңғы 10 жылда болған экономикалық өзгерістерді ескере отырып, туризм саласының мақсаттары өзгерді. Халықтың басым көпшілігі қалаларда тұрады, қаланың тұрмыстық қызметтері оның негізгі қызметтерінің бірі болып табылады, қаланың мәдени дамуымен салыстырғанда оның туристік қызметтері соңғы жылдары ғана назарға алына бастады. Шет елдердің экономикасының қарқынды дамуына байланысты адамдардың бос уақыттары да арта түсті, олар дұрыс күн көру мақсатымен рухани қажеттіліктер мен сапалы өмір сүрудің жоғарғы деңгейіне ұмтыла бастады.

Іскерлік белсенділіктің дамуы, туристер ағымының көбеюі, белсенді демалысқа деген қажеттілік қала қонақтарына және өңірдегі халыққа қазіргі заманға сай қызмет көрсететін әр түрлі класстағы ойынсауық орталықтарының ашылуын талап етеді. Барлық коммерциялық кәсіпорындар өздерінің мақсатын табыс табу деп қояды, дегенмен мәдениет, шығармашылық және бос уақыт үшін жұмыс істейтін кәсіпорындар табыс табумен қатар мәдени қажеттіліктерді жүзеге асыруға бағытталуы тиіс. Еліміз егемендік алып, дами түскеннен бері, мәдени орындардың әртүрлі саладағы кәсіпорындарының саны ұлғайып, олар сәтті жұмыс істеуде.

Кесте 1. Астана қаласы бойынша демалыс сауықтыру объектілері мен келушілер саны

	Атауы	2013ж.	2014ж.	2015ж.	2016ж.	2017ж.
1	Ойын – сауық объектілерінің саны (бірлік)	366	477	514	544	602

2	Ойын – сауық объектілеріне келушілер саны (адам саны)	2 235 15 2	2 664 28 7	2 988 23 1	5 243 4 82	6 588 799
3	Сауда орталықтарының саны (бірлік)	25	25	25	25	26
4	Сауда орындарының саны (бірлік)	12 697	13 827	13 548	13 337	13 898

2013 - 2017 жылдар аралығындағы ойын-сауық объектілерінің санына талдау жасайтын болсақ, әр жыл сайын шамамен 100-ге жуық орталыққа көбейюін байқауға болады. 2017 жылы ойын-сауық объектілерінің саны өзінің максималды жиегіне жетті. 2017 жыл ойын-сауық объектілері үшін өте ұтымды жыл болды. Елімізде EXPO өткізілгендіктен, келген келушілердің саны да жоғары болғандығын кестеден байқауға болады.

Қазақстандағы қазіргі жағдай ойын-сауық индустриясында жаңа тенденциялардың пайда болуымен сипатталады. Елімізде ойын-сауықтың дамуы жаңа серпіндермен анықталады. Бүгінде елімізде қазіргі заманға сай үлкен-үлкен ойын-сауық орталықтары да саны күннен-күнге артуда.

2017 жылғы санақ бойынша Астана қаласындағы ең танымал демалыс және сауықтыру орындарының саны:

Star play центрі, ТОО Алтын Core Астана, Khan Shatyr, Astana mall, Arujan OCO, Джафар, СарыАрқа, Ажар, Mega Silk way OCO, Дархан, OCO Keruen city, OCO Азия Парк, OCO Керуен, Артем, Евразия, Рахмет, Жаннур, Думан, Magic World.

Елордамыз Астана қаласында туристік объектілер кеңінен етек жайып келеді. Қазіргі таңда ірі туристік орталықтар бәсекеге қабілетті және шет елдегі ірі орталықтардан кем түспейді. Бірақ, сол орталықтардың да аздаған мәселелері мен кемшіліктері бар, оны біз төменде көрсетілген кестеде көрсетіп өтеміз:

- Сарыарқа, Керуенсити, Азияпарк туристік объектілерінің ескіруі;
- Шағын және орта сауда орталықтарында аналар мен балаларға арналған бөлмелердің тапшылығы;
- Мүгедек адамдарға Астана қаласының Mega Silk Way OCO басқа барлық орталықтарында толыққанды жағдайдың жасалмауы;
- Киім өткізетін бөлменің барлық OCO өте аз уақыт жұмыс істеуі, тіпті кейбір сауда орындарында мүлде жоқ;
- Қызмет көрсетуде Керуен, Керуенсити, Сарыарқа, Евразия сияқты OCO сатушылар мен қызметшілердің дөрекі сөйлеуі;
- Автотұрақтың бағасы Mega Silk Way OCO кейбір критерийларға сай келмеуі;
- Барлық Сауда – ойын орталықтарының ерте жабылуы;
- Барлық Астана қаласы бойынша тамақтану орындарындағы отыратын орындардың жетіспеуі;
- Саны бар сапасы жоқ дүкендердің барлық OCO шектен тыс көбеюі;
- Барлық демалыс, сауықтыру, ойын алаңдары, сауда орталықтарында демалуға арналған орындардың жетіспеуі;

Дегенмен бұл мәселелерге қарамастан Астанада келушілер саны жылдан жылға артып келеді. Астана қаласы туризмнің орталығы деп айтсақ қателеспейміз. Бірақта, әлі күнге дейін жарнаманың дұрыс қолға алынбауы байқалады. Көптеген туристер ненің қай жерде екенін білмейді. Демалыс орындарындағы мәселерді шешкен жағдайда қарапайым халықты ірі орталықтарда жиі көретін болар едік. Осыған байланысты Астана қаласы демалыс сауықтыру орындарының мәселелері мен оның шешу жолдары төменде көрсетілген:

- Сарыарқа, Керуенсити, Азияпарк туристік объектілерінің ескеруі. Бұл ойын-сауық орталықтарын заманауи үлгіге сай етіп қайтадан модернизациялап, әртүрлі дүкендер мен, балаларға арналған орындарды жоспарлап салу.

- Шағын және орта сауда орталықтарында аналар мен балаларға арналған бөлмелердің тапшылығы. Қазіргі таңда дүнижүзі бойынша ана мен бала үшін үлкен жағдай жасалып отыр, бірақ осы процесс біздің елімізде өте басым. Сондықтан бұл істі дереу қолға алып, тек ойын – сауық орталықтарында ғана емес, туристік объектілердің басым көпшілігіне салып, көбейту.

- Мүгедек адамдарға Астана қаласының Mega Silk Way ОСО басқа барлық орталықтарында толыққанды жағдайдың жасалмауы. Қазіргі таңда дүнижүзі бойынша ана мен бала үшін үлкен жағдай жасалып отыр, бірақ осы процесс біздің елімізде өте басым. Сондықтан бұл істі дереу қолға алып, тек ойын-сауық орталықтарында ғана емес, туристік объектілердің басым көпшілігіне салып, көбейту.

- Киім өткізетін бөлменің барлық ОСО өте аз уақыт жұмыс істеуі, тіпті кейбір сауда орындарында мүлде жоқ. Астана қаласында киім өткізетін бөлмелер тек сағат 21:00 немесе 22:00 дейінгі уақыт аралығында ғана жұмыс жасайды. Ол көптеген адамдарға ыңғайсыздық тудырады, қарапайым кинотеатрға барған адамдар, сырт киіммен отырады, оған себеп киім өткізу болмесінің ерте жабылып қалуы.

- Қызмет көрсетуде Керуен, Керуенсити, Сарыарка, Евразия сияқты ОСО сатушылар мен қызметшілердің дәрежі сөйлеуі. Кез келген қызмет саласын алатын болсақ жеке немесе мемлекеттің қарамағында қызмет көрсететін адамдар көбінесе сыпайы әрі жұмысына тыңғылықты болып келеді. Бірақ, Қарапайым халыққа қызмет көрсету саласына келетін болсақ, көптеген сатушылар, кино билеттерін, ХҚКО жұмысшылар, кафе, асхана орындарындағы даяшы қызметкерлерінің өте дәрежі, клиенттерге деген қарым – қатынастарда шектен шығулар тым көп байқалады.

- Автотұрақтың бағасы Mega Silk Way ОСО кейбір критерийларға сай келмеуі. Автотұрақтың кейбір ыңғайсыздықтарына байланысты көп адамдар, ойын-сауық орталықтарына жақынырақ тоқтай алмайды, себебі, ол үшін бөлек төлемақы беру керек. Негізі автотұрақ белгілі бір уақыт аралығы үшін төленетін орын, бірақ оған тұрақтамай, жай ғана өту үшін де ақша төленуі талап етіледі.

- Барлық сауда-ойын орталықтарының ерте жабылуы. Адамдардың жұмыс жасау уақыты көбінесе кешкі сағат 19:00 немесе 20:00 ге дейін, ал ол адамдар ОСО ерте жабылуына байланысты ол жерлерге бара алмайды, тек сенбі жексенбі күндері ғана ОСО өте көп адамның болуы осы себептен. Сонымен бірге ОСО – дағы дүкендер уақытынан ерте жабылып қалады. Ұсыныс кітаптарын зерттей отыра, көпшіліктің сұрауымен ОСО – ның 24 сағат жұмыс жасауын сұрауын байқадық.

- Барлық Астана қаласы бойынша тамақтану орындарындағы отыратын орындардың жетіспеуі. Қазіргі кезде ОСО тамақтану орындарында отыратын орындар өте аз, әрқашан адамдар бос үстел іздеумен уақыт жоғалтады, осыған орай мемлекеттен қаражат бөлініп, адамдарға тамақтану орындарында үстел санын көбейту.

- Саны бар сапасы жоқ дүкендердің барлық ОСО шектен тыс көбеюі. Кейбір ОСО орта есеппен алғанда адамдарға қол жетімсіз дүкендер өте көп, және бұл сол дүкендердің ұзақ уақыт өмір сүрмеуіне әкеліп соғады. Сондықтан кез келген дүкендер аша бермей, керісінше танымал әрі халыққа қол жетімді дүкендері үлкенірек етіп салса қарапайым адамдарға да сатушыларға да тиімді болар еді.

- Барлық демалыс, сауықтыру, ойын алаңдары, сауда орталықтарында демалуға арналған орындардың жетіспеуі. ОСО көлемі жағынан ірі болғандықтан ересек, орта жастан жоғары адамдарға және балаларға ұзақ уақыт жүру қиындық тудырады. Сол себепті ересек адамдарға арналған ОСО – да демалу орындарын кеңейту және көбейту.

Туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиясын, негізгі бағыттарын, басымдықтарын, міндеттері мен іске асыру тетіктерін айқындайды және туризм инфрақұрылымын дамытуды, осы саланы мемлекеттік реттеу мен қолдаудың тиімді тетігін құрудың, туристік әлеуетті арттырудың, елдің тартымды туристік имиджін, рекреациялық шаруашылық мамандануы бар аймақтар қалыптастырудың негізгі аспектілерін қамтиды.

Елімізде ойын-сауық индустриясын да дамыту қолға алынған. Физикалық реттеу негізінде және адамның еңбекке жарамдылығын арттыру тұрғысында ойын-сауықтың ролі зор. Осындай проблемаларды қарастыруымыздың арқасында біз елдегі әлеуметік, саяси, қоғамдық проблемаларды азайтып жетістіктерге жетуге болады. Туризм тек қана индустрия мен бизнестік түрі ғана емес сонымен қатар ол қоғамдағы адамдардың еңбекке жарамдылығы мен өмір сүру жасында ұзартуға жағдай жасалады. Еліміздегі туризм дамуының арқасында басқа аймақтар да біздің мемлекетті танып жатыр.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Здоров А.Б. Экономика туризма. – М.: Финансы и статистика, 2007. – 72 с.
2. Гуляев В.Г. Организация туристской деятельности: учеб.пособие. – М., 1996.
3. Квартальнов В.А. Теория и практика туризма. – М.: Финансы и статистика, 2003.
4. Официальный сайт Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК [[Электронный ресурс](http://stat.gov.kz)]. –Режим доступа: <http://stat.gov.kz>